

- **Сабақтың тақырыбы:** Ат пен Есек
- **Авт:** Иван Крылов
- **Ауд:** Ы.Алтынсарин
- **Сабақтың мақсаты:** а) **білімділік:** Оқушыларды мысалмен таныстыра отырып, негізгі идеясын аша білу және шебер мазмұндау дәрежелерінің артуына жағдай туғызу.
- **ә) дамытушылық:** Оқушылардың оқу мен жазу арқылы сыни тұрғысынан ойлауын, қиялын ұштап, сезімін ояту.
- **б) тәрбиелік мәні:** Мейірімділікке, жанашырлыққа,
- тәрбиелеу.
- **Сабақтың көрнекілігі:** Интерактив тақта, суреттер, мақал-мәтелдер.
- **Сабақтың барысы:** I. Ұйымдастыру кезеңі.
- Психологиялық дайындық.

Психологиялық дайындық

Көктем келді. Күн жылына бастады. Кенеттен жаңбыр жауды. Терезенің алдына бір торғай келіп қонды. Қарасам дір-дір етеді.

- Балалар торғайға не болды?
- Тоңып тұр
- Торғайға не қажет?
- Жылу, мейірімділік, жанашырлық қажет.

Ал олай болса балалар торғайға көмек берейік. Терезенің көзін ашып, торғайды алақанымызға қондырамыз. Торғай алақанымызға қонды. Алақанымызды бір-біріне жабамыз. Қолымызды жүрек тұсына қойып, жүректен жылу береміз. Қолымызды ашып қараймыз. Торғай әлденді, жылу алды. Енді Табиғат анамызға торғайды ұшырамыз.

III Үй тапсырмасын сұрау

- Лев Толстой. “Акула”
- Аударған: С.Омаров
- Лев Толстойдың өмірбаянын сұрау.
- Сейітжан Омаровтың өмірбаянын сұрау.
- “Акула” әңгімесінің мазмұнын сұрау.
- Үй тапсырмасын “Бәйге сұрақтары” арқылы пысықтау.
- Тірек сөздер.

Л.Н.Толстой 1828-жылы “Ясная Поляна” имениясында туылған. Оның әкесі 1812-жылы соғысқа қатысқан. Л.Н.Толстой жастайынан ата-анасынан, әжесінен айырылған. 16-жасында “Казань” университетіне оқуға түсіп, 19-жасында оқуын тастап кетеді. Ол “Ясная Полянаға” қайтып келді. Өз тілінен басқа 5 тілді меңгерді (француз, неміс, ағылшын, итальян, латынша). Ол құқық медицина, математика, география, тарих, музыка, бейнелеу өнерін толығымен меңгерген. Ол көптеген повесть, романдар жазды.

Сейітжан Омаров 22.06.1907 жылы Ақмола облысы Атбасар ауданы Керегетас ауылында туылған. 19.02.1985 жылы қайтыс болған. Жазушы, журналист екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. “Бақыт”, “Заман күші”, “Қайырлы жаз”, “Алтын алқап”, “Қиыр жол” т.б повестер мен әңгімелер жинақтары, “Қызыл арай” романы бар.

Бәйге сұрақтары

- Африка жағасындағы ауа-райы?
- Әңгімедегі оқиғаның басталуы?
- Артиллеристтер не деді?
- Балалар қалай аман қалды?
- Оқиға желісі немен аяқталды?

Тірек сөздер

- Зәкір
- Матрос
- Артиллерист
- Зеңбірек
- Білте
- Дүңкүл
- Пәрмен

Тірек сөздер

- Зәкір- кемені суда ұстап тұратын тетік
- Матрос- қатты жүзетін қайық
- Артиллерист- атқыш
- Зеңбірек- атқыш құрал
- Білте- зеңбіректі от алдыратын тұтандырғыш зат
- Дүңкүл- зеңбіректің оғының дауысы
- Пәрмен- бар күшімен

Жаңа сабақ

Он алтыншы мамыр.

Ат пен Есек.

Иван Крылов (1769-1844) жылы дүниеге келген. Орыс жазушысы, ақын, мысал жазған. Өткір де айшықты тілімен, әжуа сықағымен ерекшеленетін 200-ден астам мысал жазды. Шығармаларында өмір шындығын терең бейнелеп, адам бойындағы жағымсыз қылықтарды шенеді.

Ыбырай Алтынсарин қазақ балалар әдебиетінің атасы, ұстаз. 1841 жылы Қостанай облысында дүниеге келген. Өз әкесі Алтынсары Ыбырайдың төрт жасар кезінде қайтыс болады да, Ыбырай атасы Балқожа бидің тәрбиесінде өседі.

Ат пен Есек

- Оқу жұмысы.
- Топпен жұмыс
- Өзіне-өзі түсіндіру жұмысы.
- Өлеңнен есектің сөзін тауып оқыту.
- Тірек сөздерді табу, мағынасын түсіндіру.
- Мысал дегеніміз не?

Оқу жұмысы

Топпен жұмыс. (Мысалды үш топқа бөліп мәнерлеп оқыту)

Өзіне-өзі түсіндіру жұмысы. (Оқушылар түсінігін айту)

Тірек сөздерді табу, мағынасын түсіндіру.

Мысал дегеніміз не?

Тірек сөздер

- Ентігіп
- Сауылдады
- Шалыс
- Әлім
- Шойын
- Титықтап
- Діңкем
- Тұраладым
- Омақасып
- Пақыр
- Түгін
- Сорды

Тірек сөздер

- Ентігіп- шаршау
- Сауылдады- тердің ағуы
- Шалыс- аяқты әр жерден басу
- Әлім- күшім
- Шойын- ауыр темір
- Титықтап- тыпыршылап
- Діңкем- әлім
- Тұраладым- төрт аяқтап қалу
- Омақасып- етпетінен құлау
- Пақыр- шарасыз
- Түгі- терісі
- Сорды- басына түскен ауыр жағдай

Мысал дегеніміз не?

Мысалда аңдар, құстар хайуанаттар, өсімдіктер іс-әрекеті, мінезі арқылы адам бойындағы мінді, кемшілікті түспалдап, әжуа-күлкі етеді. Осындай шағын көлемді, оқиғалы, адамға сабақ болатын тағылымдық шығарманы мысал дейді.

Мысалдарда жануарлар мен жәндіктер адам істейтін әрекеттерді жасайды. Бұлай істеуді аллегория дейді.

Сергіту сәті


Табиғатқа саяхат

Алдымыздан үлкен тау шықты. Таулардан сарқырап аққан су, тау жиегіндегі өзенге қосылып жатыр. Ағаштарда құстар сайрап тұр. Табиғат өте тамаша.

Венн диаграммасымен жұмыс

Ат

Есек



ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ

-Адам бойындағы жақсы қасиеттер?

Шығармашылық тапсырма

Мақал-мәтелдер айту.

Поэзия минуты

- Ақындар шығармашылығынан өлеңдер оқу.

Сабақты кесте арқылы пысықтау және қорытындылау

Шығарманың авторы	Шығармадағы кеіпкерлер	Оқиға желісі немен аяқталады	Өзің түйген ойың
----------------------	---------------------------	------------------------------------	---------------------

Ой қорыту

“Жүрегімде бүгінгі сабақтан не әкеліп барамын?”

Бағалау.

Үйге тапсырма: “Мейірім”
тақырыбында шығарма жазу.